



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

хабарлау		
Кепілдік төлем / салық жинағы туралы құжаттарды беру	20 жұмыс күні	10 жұмыс күн
Рұқсатнама беру	3 жұмыс күні	2 жұмыс күні
Барлығы	50-60 жұмыс күні	20 жұмыс күні

Кестеден көріп отырғанымыздай, енгізілген жаңашылдық бойынша рұқсатнама беру процедурасының ұзақтығы 3 есе азайды. Сонымен қатар, айта кету керек, осы жылдан бастап, Қазақстанға қандай да бір жұмыс берушінің шақыруысыз келетін шетелдік жұмыскерлерге әкімдіктен жұмыс істеуге рұқсат алу керек емес.

Бұл рұқсатнама біліктілік сәйкестігі туралы анықтамаға ауыстырылды. Берілген анықтама құрамына шетелдік жұмыс күшін тарту үшін анықталған экономикалық қызмет салалары мен түрлерін бағыттайтын өкілетті органдардың өкілдері кіретін сәйкесінше комиссия ұсыныстары бойынша беріледі. Сонымен қатар мұндай шетелдік жұмыскерлердің біліктілігіне білім деңгейі және жұмыс өтілі бойынша талаптар қойылады [4, 5 б.].

Осылайша, ҚР шетелдік жұмыс күшін тарту Ережелеріне енгізілген өзгерістер білікті жұмыс күші ағынын және жаңа шетелдік инвесторларды тартуға жағдай жасайды. Және де шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша, әсіресе жұмыскерлерге рұқсатнама беру мәселесі бойынша өте жағымды өзгерістерді көреміз.

Сонымен, жалпы миграциялық саясатты жетілдіру бойынша жүргізілген шаралар мемлекеттің тұрақты әлеуметтік – экономикалық дамуына жағдай жасайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 421-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz>

2. Досжанова, А. М. Миграциялық үдерістің Қазақстан Республикасының еңбек нарығына ықпалы [Текст] / А. М. Досжанова // ҚазҰУ хабаршысы /Экономика сериясы/. - 2014. - № 2(02).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

4. Курасова, А. М. Шетелдік мамандарға рұқсатты ресімдеу [Текст] / А. М. Курасова // Қазақстандағы мамандар анықтамалығы. - 2015. - № 8.

УДК 345.2.7

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІ БАСҚАРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Бауыржан Қорлан Бауыржанқызы

korlan-1993@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Заң факультетінің 2 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С. Сактаганова

Бүгінгі Қазақстанның даму деңгейі мемлекеттегі экономиканы басқару рөлінің артуымен, өмірдің барлық салаларында инновациялық технологияларды енгізумен, жемқорлықпен күресті күшейтумен және бюджет саласында құқықбұзушылықтардың көбеюі арқылы сипатталады, себебі бюджеттік және қаржылық ресерсттар мемлекеттік басқарудың негізгі құралдары болып табылады.

Заманауи деңгейде ҚР Бюджет кодексінің жеке баптарына өзгертулер енгізу туралы жарлық шығарылады, және де мемлекет қаржыларын жұмсалу тиімділігі мен мемлекеттік

қаржылық бақылау салаларындағы атқарушы билік органдарының қызметтерін реттеу туралы заңдар қабылданады. ҚР Бюджет кодексінің баптарын өзгерту әрекеттері бұрындары да қолданылған. Бірақ, қабылданған түзетулер Қазақстандағы мемлекеттік қаржылық басқару жүйесіне заңнамалық қамтамасыз ету сияқты өзекті мәселені шешуде пәрменсіз. Бұл Қазақстандағы мемлекеттік бюджетті басқаруды бақылау аясындағы басты мәселе болып қалады.

2014 жылы қарашада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің республика халқына жолдауында ауқымды экономикалық бағдарламаның басталуы туралы хабарлады [1]. Экономиканың дамуында, құрылымдық реформаларды жүргізуде 2015 жылдан 2017 жылға дейін Ұлттық қордан жыл сайын 3 млрд. дейінгі сомда қаражат бөлу жоспарлануда. Ұлттық қордан және көп жақты даму банктер қаражаттарымен ұсынылатын бюджеттік қолдау көлемі жақын аралықтағы 3-5 жылда ЖІӨ 7%-ға дейін құрауы мүмкін, инфрақұрылым объектілерін жетілдіру есебінен экономика әлеуетін жоғарылатуға, жеке сектор дамуын ынталандыру және қаржылық секторды жандандыруға мүмкіндік береді. Ел үкіметін анық және тәртіпке салынған жұмыспен қамтамасыз ету қажет, Ұлттық қордан бөлінген қаражатты экономиканың дамуына тиімді және орынды пайдалану қажет. Осы қаражаттардың тиімді және орынды жұмсалуды бақылауды президентпен арнайы құрылған комиссия жүзеге асырады. Экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін факторлардың бірі халық өмірінің сапасын жоғарылату және елдің бәсекеге қабілеттілігінің өсуі, тұтас алғанда сапалы мемлекеттік басқару болуы қажет. Кезеңдік бірлесу шартында мемлекеттік басқару органдарының бәсекеге қабілеттілігін көтеру қажеттілігінен әлемдік қауымдастық өседі. Осыған байланысты ұлттық қызығушылықтарды қорғау мақсатында бюджеттік қаражаттарды өте тиімді басқару және елде қаржылық пен атқарушылық қызметті күшейту талап етіледі [2].

Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесіндегі мәселелерді шешу оңай емес, себебі, мемлекеттік басқару әрекеттілігін шектейтін біршама факторлар бар. Оларға:

- бюджет заңнамасында мемлекеттік басқару ұғымының, басқарудың ұлттық және мемлекеттік стандарттарының көзделмегені, бюджетті реттеудің нормативтік – құқықтық базасының болмауы, сонымен қатар мемлекеттік басқару туралы бірыңғай заңның жоқтығы;
- мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырушылық құрылысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы ерекшеліктерін жеткіліксіз қамтиды;
- Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдарының заңнамалық мәртебесі анықталмаған;
- басқару органдары арасындағы өзара байланыстары әлсіз;
- басқаруды жүзеге асыратын бірыңғай ақпараттық қор, бірыңғай әдістемелік тәсілнаманың жоқтығы;
- құқықтық мәселелерді реттеу салдары мемлекеттік басқару органдарының міндеттерін орындауда негізгі кедергі болады [3].

Бүгінгі таңда бағдарланған және бағдарланбаған, капиталды және кезекті шығындарды бөлек жоспарлауды қолдану жалғасуда. Үкіметтің мемлекеттік шығыстарды азайтуға байланысты қабылданған шараларына қарамастан, бюджеттік шығындарды арттыруға байланысты шаралар сақталуда, және де сол қаражаттарды жұмсалу тиімділігін арттыруда түрлі деңгейлі мемлекеттік билік органдарын уәждемелеуге арналған ынталандырмалар көзделмеген.

Екпін жұмысқа берілген және елдің басым мақсаттарына жетуде халық өкілдері болуға қабілетті, мемлекет қызметкерлерінің тиімді және заманауи корпусын көздейтін «кәсіби мемлекет» құруда жасалған болатын. Тиімді мемлекеттік билік жүйесін құрудың барлығы жеті негізгі қағидасы анықталды.

Бірінші қағидасы тек өте маңызды қызметтерді орындауға жиналған, шағын және кәсіби үкіметті құру қажеттілігіне белгіленген.

Екінші қағидасы стратегия негізінде қызмет бағдарламасы бойынша билік органдары жұмысының қажеттілігі болды.

Үшінші қағида – анық жөнделген ведомстволарлық үйлестік жүйесі құру қажеттілігі.

Төртінші қағида – министрлердің құзыреттіліктері мен жауапкершіліктерін, олардың қызметтері үшін есеп берушілігі мен стратегиялық бақылауын көтеру.

Бесінші қағида – министрліктердің ішін орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жеке секторға орталықсыздандыру.

Алтыншы қағида – жемқорлыққа қарсы тиімді жүйені құру.

Жетінші қағида – жалдау жүйесін жақсарту, кадрларды дайындау мен жылжыту.

Осылайша, «ұлттық қызығушылық күзетінде тұрған мемлекетті құру; басым мақсаттарды жүзеге асыруға қабілетті үкіметті қалыптастыру; нарықтық экономикаға қолайлы болатын, Қазақстан үшін тиімді және заманауи мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымын жасау» стратегиялық міндеті қойылды [4].

Мемлекеттік қаржылық басқару жүйесінің нәтижелілігін тек нәтижелі жұмыс істейтін органдарды ұсынғанда ғана қамтамасыз етуге болады. 2011 жылдың шілде айының соңында «Сыртқы мемлекеттік қаржылық басқаруды жүзеге асыру сұрағы бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы қабылданды [5].

Облыстарда, сонымен қатар Астана және Алматы қалаларында жеке мемлекеттік мекемелер нысанында заң нормаларына сәйкес жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыратын, әкімшілік-аумақтық бірліктерге сәйкес мәслихаттарға есеп беруге тиісті бақылау комиссиялары құрылған. Бұл заңды жүргізу өткізілетін бақылау шараларының тиімділігін және сапасын көтеруге, жұмысқа кәсіби дайындалған, жоғары білікті мамандарды тарту, бақылау комиссияларының жергілікті билік органдарына тікелей тәуелділігін жою, мемлекеттік кірісті оңтайландыру, мәслихатпен есепті ақпаратты ұсыну жылдамдығын көтеру және ақыр соңында жергілікті деңгейде қаржылық қызметті жақсартуға бағытталған.

Бюджет заңнамасын реформалаудан кейін, бюджет қаражаттарының тиімділігін бағалауда бірқатар мәселелер анықталды. Бюджет тиімді болу үшін және қаражаттар тағайындалған мақсаттар бойынша пайдаланылу үшін мақсат пен құралды біріктіру керек. Мәселе мемлекеттік саясат басымдылықтарына сәйкес келетін бюджеттік жоспарлау органдары арқылы мақсаттар мен міндеттер жүйесін тұжырымдаудың дұрыстығын анықтау болып табылады. Мемлекеттік билік органдарының қызметін бағалау, мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық құралдар жинақтарын әдістемесі жетіспейді. Мәселені шешу үшін Қаржы министрлігі ұзақмерзімді мақсатты бағдарламаларды негізге алуды ұсынады. Осы арқылы, қаражаттарды жұмсау тиімділігін арттыратын әлеуметтік – экономикалық дамудың мақсат пен міндеттеріне орта және ұзақ мерзімді мақсаттарды сәйкестендіру керек. Сондықтан, ұзақмерзімді мақсатты бағдарламалар бюджеттің барлық шығындарына қалыптасу керек. Бұл мәселені шешуде басты элемент қаржыландыру қағидасына өзгерістер енгізетін бағдарлы – мақсатты бюджетті қалыптастыру болып есептеледі, яғни мекемелер емес, қызметтер қаржыландырылады. Ал, бюджет нәтижеге бағытталу үшін, бірінші қағида жүзеге асу керек. Мемлекеттік басқару қызметтің заңдылығын, бюджет қаражаттарының ойға қонымды және тиімді қолданылуын қамтамасыз етуді көздейтіндігі белгілі. Барлық қағидалар бюджет заңнамасында көзделген және мемлекеттік басқару органдары туралы ережелерде жазылған. Мұндағы мәселе, заңнамада бюджет қаражаттарын тиімді пайдалану түсінігіне нақты анықтама берілмеген, сондықтан әрбір басқару органы оны өздерінше түсінеді [6]. Мемлекеттік билік мемлекет шығындарын төмендету үшін тиімді құралдарды әлі таба алмады, өйткені шығын мөлшері табыстан асып түседі. Сонымен қатар, бюджет қаражаттарын пайдалану мен шығындау барысында, және де оларды бөлуде жемқорлық қатерлер мен бюджеттік құқықбұзушылықтар анықталады. Бұл бюджет жүйесі қызметінің тиімділігінің төмендеуіне әкеп соғады. Басқару жүйесіндегі жемқорлық бюджеттегі қателіктер немесе жай кемшіліктертен ерекшеленетін қауіпті жағдайды білдіреді. Ол халық

алдындағы функциялары мен өкілеттіліктерін атқару мүмкіндіктері көзқарасында мемлекетке маңызды зардаптар тигізеді, себебі мемлекет сенімінен айырылады. Сондықтан, әркезде жеңіл, маңызды емес қателіктерге жасақталған, яғни, бюджетте бекітілген шектеулерді қамтамасыз ету, алға қойылған мақсаттарға жету үшін мемлекеттік қаражаттарды пайдалану сияқты, жемқорлықпен күресудің тәсілдері мен әдістерін қолдануға болмайды [7].

Бюджет аясындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілеріне кешенді талдау жасау арқылы келесідей қорытындылауға болады:

1. Мемлекеттік басқарудың мәні қаржылық-құқықтық актілердің кемшіліктері мен қателіктерін анықтап, олардың қаржылық, бюджеттік, экономикалық теріс салдарын жоюға ғана емес, сонымен қатар болашақта мемлекеттік қаржы ресурстарын басқаруда ұқсас құқықбұзушылықтарды болдырмау болып табылады.

2. Қазақстанда мемлекеттік қаржылық басқару генезисі, оның әкімшілік және құқықтық мәселелері оның даму тенденцияларын және одан әрі дамыту мүмкіншіліктерін тереңдетіп анықтайды. Жинақталған оң тәжірибе бізге мемлекеттік секторда заманауи алдын ала және ағымдағы мемлекеттік қаржылық басқару процестерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

3. Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру арқылы оның құқықтық базасын жетілдіру мүмкіндігіне ие боламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. // Ресми интернет - ресурс Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. [Электронды ресурс] // <http://www.minplan.gov.kz/about/9516/60079>

2. 2015-2019 жылдарға арналған Есеп комитетінің ұзақ мерзімді жоспары. Астана 2014// Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті. [Электронды ресурс] // <http://esep.kz/rus/show1/article/177>

3. Васильева М. А., Корчагина А. С. Финансовый контроль / Статья публикуется в рамках Международной заочной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых «Молодые ученые о современном финансовом рынке РФ», 28 апреля, 2011 г., Пермь.

4. Назарбаев Н.А. Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы // Қазақстан халқына жолдауы. -1997 жыл, қазан.

5. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 465-IV Заңы.

6. Афанасьев М.П. Модернизация государственных финансов. [ТЕКСТ] : учеб. пособие / Мстислав Афанасьев, Илья Кривоногов; Гос. ун-т – Высшая школа экономики. – М.: Изд. дом. ГУ ВШЭ, 2006. – 439, [1] с. – Прил.: с. 329-429. – Лит.: с. 430-439. – 1000 экз. – ISBN 5-7598-0437-5 (в пер.). – 264 бет.

7. Бюджетный процесс как инструмент эффективного управления / Под ред. Йосты Юнгмана. – Стокгольм: Правительственная канцелярия, 2005. – 196 бет.